

Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі

Тәрбие орынбасарлары мен әлеуметтік педагогтың бірлескен жұмыс жоспары

2021-2022 оқу жылы

«Бекітемін»

мектеп-лицей

директоры _____

**«Балаларға— бірге
көмектесейік!»
Мектепке жол акциясы**

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:




Әлеуметтік педагог:

Жалпыға бірдей міндетті білім беру, «Мектепке жол» акциясының өту барысы туралы

Биылғы 2021-2022 оқу жылында мектеп лицейінде «Балаларға– бірге көмектесейік!» ұранымен өткізілетін «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акция аясында әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсетуге демеушілерді тарту арқылы басты назарға ерекше мұқтаждыққа ие балаларды қамту және қорғаншы, ата – ана қамқорлығынан айырылған, және толық емес отбасынан шыққан балаларды қамту көзделді. Ерікті демеушілер тарапынан осы категориядағы оқушыларға көмек қарастырылды. Ата-аналар тарапынан көмек сұраған барлығы 50 ге жуық өтініш келіп түсті. Келіп түскен сұранысқа сәйкес барлық отбасыға көмек берілді. Мектеп директорының бастамасымен, мектеп әкімшілігі қолдап биылғы мектепке жол акциясына демеушілік етті. Қырық бір отбасыға мектеп рюкзагы мен оқу құралдары және он оқушыға мектеп формасы берілді.

Қалалық білім бөлімінің қолдауымен ҚазГерМұнай компаниясының демеушілігімен барлық қала мектептеріне оқу формасы таратылды. Мектебімізден бес оқушы мектеп формасына ие болды.

Мектеп әкімшілігі тарапынан алғыс айтылып, ризашылықтарың білдірді. Қазіргі таңда ата-аналар тарапынан ешқандай арыз -шағым жоқ.



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:

Әлеуметтік педагог:

Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі

Құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстары

Әлеуметтік педагог: Серікқызы Б
Педагог психолог : Молдашева И.Б

2022-2023 оқу жылы

«Құқық бұзушылықтың алдын алу»


Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды аспектісі болып табылады. Заңды, әлеуметтік пайдалы қызметке және қоғам мен өмірге ізгілікті көзқарас қалыптастырып, жастарды қылмыстық қызметке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу қажет.

Мақсаты: білім алушыларға қылмыстың – қоғамға қауіпті әрекет, оның ішінде кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмысы, қылмыстық жауапкершілік, оған қолданылатын жаза түрлері, кінәні жеңілдететін, жауапкершілікті ауырлататын жағдайлар туралы толық түсіндіру, құқықтық сауаттылығын арттыру, салауаттылыққа тәрбиелеп, өз әрекеттеріне баға бере білуге баулу. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру.

Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі

**Кәмелетке толмағандардың құқықтық бұзушылықтардың, зорлық
зомбылықтың алдын алу, жыныстық қол сұғылмаушылық және ерте
жүктіліктің алдын алу іс шаралар мәліметі.**


2023 жылдың қаңтар - ақпан айларында Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқықтық бұзушылықтардың алдын алу бойынша, оның ішінде сексуалдық қол сұғылмаушылық, нашақорлықтың, буллинг, кибербуллингтің, суицидтің алдын алуды түсіндіру мақсатында құқықтық оқу сағаттары, іс шаралар ұйымдастырылды. Өгей әке - шешемен тұратын оқушылардан және әлеуметтік топтағы оқушылардан **“Отбасы мен ата-аналары баланың көзімен”** тақырыбына сауалнама алынды. Зорлық - зомбылық, суицид, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жекелей сыныптарға (9-11 сыныптар) бейнебаян көрсетілді.



Амангелді аудандық полиция бөлімі ЖПҚБ ӘЗЗҚТ инспекторы полиция лейтенанты Ә.Т.Ибитанова қатысуымен **«Зорлық – зомбылық үшін жауапкершілік»** тақырыбында 9-11 сынып оқушыларымен профилактикалық әңгіме жүргізілді.

Профилактикалық әңгіме өтілу барысында кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын сауық мекемелерінде немесе тұрғын жайдан тыс жерлерде сағат 23.00-ден таңғы сағат 6-ға дейін болуы заңды өкілдеріне ескерту жасалатындығын, егерде бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер болса - заңды өкілдеріне жеті айлық есептік

көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынатындығын, әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 434-бап Ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орындарда былапыт сөйлеп, жеке тұлғаларға қорлап тиісу, тұрғын үй жайларды қорлау және айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін қоғамдық тәртіпті бұзатын осындай әрекеттер кезінде бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынатындығын, не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алынатындығы түсіндірілді. Сонымен қатар буллинг, кибербуллинг адамды интернетте мысалы әлеуметтік желілерде қорлау немесе қудалау жайлы түсініктер берілді. Интернет алаяқтарынан қалай сақтану жолдары, танымайтын бөгде кісілермен сөйлеспеу керектігі айтылды. Жиналыстың соңында оқушылар өздерінің ойларындағы сұрақтарды қойып, өзара ой бөлісті.



«Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» адамгершілік құндылықтар жөнінде жоғары 10-11 сынып оқушыларына бейнебаян көрсетілді. Көрсетілген бейнебаянда орын алған жағдаят бойынша талқыланып, ситуациялық сұрақтар қойылды.




Әлеуметтік педагог пен психолог бірлесе зорлық – зомбылықты анықтау мақсатында оқушылардан сауалнамалар алынды.


Әлеуметтік топқа жататын: көп балалы, аз қамтылған отбасыларының, мүкінідігі шектеулі балалардың үйлері, қолайсыз отбасы, қызыл аймаққа кіретін қауіпті отбасы, өгей әке шешемен тұратын отбасылары үйлері араланып отырады. Ана-аналармен, балалармен кездесіп, отбасы жағдайымен танысып, пікірлестім. Жасалған рейд жөнінде әр отбасына акт толтырылды. Мектебімізде қызыл аймаққа кіретін қауіпті топтағы 1 отбасы бар, бала саны (қыз бала) -1. Қосылбай Асылым -3 сынып оқушысы. Оқушы сабағына үнемі

кіріп бақылап отырамын. Тоқсанын бір рет тұрмыс жағдайы зерттеліп, ата анасымен профилактикалық жұмыс жүргізіледі.

Ата аналармен Зорлық зомбылық, ерте жастағы жүктілік тақырыбында сынып ішілік жиналыстары да , жалпы ата аналар жиналысы өтілді.




Құқық пәні мұғалімі Б.А.Ақжановтың ұйымдастыруымен құқық бұзушылықты және қылмысты ескерту бойынша «Заңға қайшы әрекетке барма!» тақырыбында кездесу, дөңгелек үстел өтілді. Кездесуге ПБ қызметкері Шайкенов Жанабай қатысты. Оқушылардың құқықтық сауатталығын арттыру мақсатында барынша дәріс берілді.




Сынып жетекші, медбике, «Инабат» қыздар клубының жетекшісімен бірлесе қыздар жиналысы өткізілді. Соңғы кездері орын алып отырған кәмелеттік жасқа толмаған балалардың ішінде ерте жыныстық қатынасқа түсіп, қылмыстық іс қозғалып жатқандығын, сол үшін әрбір жас жеткіншек өз ісіне


жауапкершілікпен қарау керектігін, арты неге апарып соғатындығын ерте ойлау қажеттігі айтылды.



«Қатыгездік пен зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында барлық сыныптарда сынып сағаттары өтілді. Зорлық зомбылық түрлері, шегетін зардаптары талқыланды. Постерлер қорғалды.




«Спорт денсаулық кепілі» бастауыш сынып оқушылары арасында спортық сайыс ұйымдастырылды. Салауатты өмір салтын ұстану мақсатында спорттық сайыс өткізілді.




«Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» бақытты отбасы бала көзімен қабырға газеттері ілінді.

«Мереке» бишілер тобының бастауымен «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» флешмоб көрсетілді.





Жоғары сынып оқушыларымен зиянды әдеттерден аулақ болу, темекінің, электронды темекінің зияны жан жақты айтылды. Қолданған жағдайда қандай келеңсіз жайттар орын алатыны скертілді, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



«Білгеніңнен білмейтінің көп әлі...» қыздар жиналысы

Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2023 жылдың 6 ақпанында жыныстық қол сұғылмаушылық және ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында әлеуметтік педагог, педагог психолог, медбике ұйымдастыруымен «Білгеніңнен білмейтінің көп әлі...» тақырыбында 8-11 сынып қыз балаларының қатысуымен қыздар жиналысы өтілді. Жиын барысында тақырып бойынша ашық жүргізілді, слайд, бейнебаян көрсетілді. Қыздарға ситуациялық жағдаяттар қойылып, ақылмен қадам басулары, анасымен, мектептегі мамандармен пікірлесіп отырулары ескертілді, ақыл кеңес айтылды. Қыздар көкейлерінде жүрген сұрақтарына жауап алып, кері байланыс жасалды.





Орындаған: әлеуметтік педагог Серікқызы Бұлбұлханым

Анықтама

Жасөпірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты ата аналар жиналысы.

мектеп лицейінде 12 қараша 2021жылы Жасөпірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты ата аналар жиналысы ұйымдастырылды.

Жиналыстың мақсаты: Оқушылардың құқық бұзушылығының алдын алу, ата-аналардың құқықтық тәрбиесін арттыру болды. Жиналысқа Қызылорда қалалық полиция басқармасы, Жергілікті полиция бөлімі, Ювеналды полиция бөлімшесінің учаскелік полиция майоры Ерназарова Әлия Бабабековна, қалалық үшінші емхананың психологы Болысова Әйгерім, "Жастар" орталығының валеологы Алтаева Арай қатысты. Сонымен қатар мектептің педагогтары мен психологтары және ата аналар қатысты.

Жиналысты мектеп басшысы **аты-жөні** ашып жиналыстың мақсатымен, мектепте құқық бұзушылыққа байланысты жүргізіліп жатқан жұмыстармен және келген қонақтармен таныстырды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қызылорда қалалық полиция басқармасы, жергілікті **аты-жөні** полиция бөлімі Ювеналды полиция бөлімшесінің учаскелік майоры Жасөпірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, топтық төбелестің, буллинг, кибербуллингтің алдын алу туралы түсіндірді.

Кәмелетке толмағандар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу, жыныстық қол сұғушылық пен нашақорлықтың алдын алу жайлы ой қозғады.

**Қазақстан Республикасы Президентінің атынан балалардың жаңа жылдық шыршаға қатысқандығы туралы
АНЫҚТАМА**

Қалалық білім бөлімінің 24.12.2020 жылғы № санды хатына сәйкес ІТ мектеп-лицейінде қамқоршылық кеңес отырысының шешімі бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің атынан балалардың жаңа жылдық шыршасына 9-13 жас аралығындағы мүмкіндігі шектеулі кемінде бес жыл көлемінде Қазақстан Республикасы Президенті атынан шыршаға қатыспаған, облыс әкімі атынан шыршаға қатыспаған, қала әкімі атынан шыршаға қатыспаған және мектеп тарапынан және демеушілер тарапынан ноутбук, планшет, т.б көмек алмаған бірнеше оқушы ұсынылды. Соның ішіне қалалық білім бөліміне 4 «А» сынып оқушысы құжаттары ұсынылды. Барлық талаптарға құжаттары сай келіп онлайн Президент шыршасына қатысты. Оқушының отбасына мектеп директоры Аяз – ата мен ақшақарды ертіп, жаңа жыл мерекесімен құттықтап, сыйлықтарын беріп, құттықтау лебізін оқып табыстады. Президент атынан ұсынылған сыйлықта bilimbook кешені, 6 айға тегін интернет роутер мен естелік кітаптар және тәтті сыйлықтар бар.

